1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Горный бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру функцияларын орындау үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық түрінде құрылған, заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Есіл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қыркүйектегі № 380 қаулысы негізінде құрылды.

4. Мекеменің құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 950540000460.

5. Құрылтайшының заңды мекенжайы: 150011, Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік субъектісінің құқықтарын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 960540000452.

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Горный бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Горновская начальная школа» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Есильского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы 150506 Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Горный ауылы Подгорная көшесі, 3.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

10. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге Уәкілетті органның орталықтандырылған бухгалтериясы қызмет көрсетеді. Мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы бар елтаңбалы мөрі, бланкілері мен мөртабандары бар.

11. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды,

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні:

- 1) тегін мектепке дейінгі, бастауыш білім алуға мүмкіндік беру;
- 2) адамның жан-жақты дамуы үшін, оның ішінде білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеу және қосымша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру жолымен қолайлы жағдай жасау;
- 3) білім алушылардың жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыру, олардың қоғамдағы өмірге бейімделуі;
- 4) кәсіптік бағдарламаларды саналы түрде таңдау және кейіннен игеру үшін негіз құру;
- 5) Азаматтыққа және Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты ұлттық рухани құндылықтарды жалпыадамзаттық мәдениетпен байланыстыру арқылы өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, сондай-ақ әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу және оның жан-жақты дамуына жағдай жасау болып табылады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына жету үшін мына қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) мектепалды даярлықтың жалпы білім беру бағдарламасын іске асырады;
- 2) бастауыш, қосымша білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асырады;

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндеті – ұлттық, рухани құндылықтарды жалпыадамзаттық мәдениетпен байланыстыру арқылы өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, сондай-ақ әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу және жеке адамды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған бастауыш білім алу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің функциялары мыналар болып табылады:

1) оқушыларға қоғамдық және ғылыми-техникалық прогрестің заманауи талаптарына жауап беретін, оқушылардың ғылым негіздері туралы берік білім алуына және оларды өз бетінше толықтыра алуына қол жеткізе отырып, жалпы бастауыш білім беру;

2) мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

3) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

4) жеке адамның рухани және физикалық мүмкіндіктерін ашуды, адамгершілік және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруды, даралықты дамыту үшін жағдай жасау жолымен интеллектті байытуды қамтамасыз ету;

5) Белсенді азаматтық ұстанымы бар адамды тәрбиелеу, адамның отбасы, халық, қоғам және мемлекет алдындағы саналы құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін қалыптастыру;

6) азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, Мемлекеттік рәміздерге құрметпен карауға, халықтың дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу;

7) адамның шығармашылық қабілеттерін және адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін дамыту;

8) қазақ халқының және Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін зерделеу үшін жағдайлар жасау, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу;

9) оқыту мен тәрбиелеудің озық нысандары мен әдістерін әзірлеу және игеру;

10) педагог кадрлардың және мектеп әкімшілігінің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

11) педагогтар арасында ғылыми-әдістемелік жұмысты жандандыру негізінде тәрбие жұмысының жаңа нысандарын белсенді іздестіру;

12) өз жұмысының түпкілікті нәтижесі үшін педагогикалық ұжымның жауапкершілігін арттыру.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мыналарды қамтамасыз етеді:

1) мемлекеттік білім беру стандарты шегінде білім беру қызметтерінің тегін болуын;

2) білім берудің зайырлы сипатын;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің объективті білім алуға кедергі келтіретін саяси және идеологиялық ықпалдан тәуелсіздігін.

19. Лицензиялауға жататын қызмет түрлерін коммуналдық мемлекеттік мекеме тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

20. Коммуналдық мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле Уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеме меңгерушісінің мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекет еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеледі.

4. Білім беру процесінің қатысушылары

23. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім беру процесінің қатысушылары білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар) болып табылады.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылар мыналарға құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім алу нысанын таңдауға;

3) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары аясында оқуға;

4) оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен тегін қамтамасыз етілуге;

5) спорт, акті залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

6) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан мен ақпарат бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін еркін білдіруге;

7) бір оқу орнынан екіншісіне ауыстыруға;

8) білім беру бағдарламасында көзделмеген еңбекке ерікті түрде тартылуға;

9) мектептегі балалар қоғамдық ұйымдарына ерікті түрде кіруге;

10) физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық әдістерін қолданудан қорғалуға;

11) оқудағы және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге және сыйақыға;

25. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылар мыналарға міндетті:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, іскерлікті, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге;

2) ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға;

3) мекеме қызметкерлерінің, басқа да білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

4) білім беру ұйымы белгілеген киім нысанын сақтауға.

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;

6) күзгі-көктемгі кезеңде барлық білім алушылар үшін міндетті ауысымдық аяқ киімді сақтауға.

26. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін, олардың құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін оларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

27. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері мыналарға құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) олардың балаларының келісілуі негізінде қосымша қызметтер алуына;

28. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері мыналарға міндетті:

1) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды жалпы білім беретін мектепке одан әрі айқындай отырып, мектепалды даярлықты қамтамасыз етуге;

3) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардың оқу орнында сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

5) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп киіміне қойылатын талаптарды орындауға;

7) Білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауға.

29. Педагог қызметкерлерге білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын, сондай-ақ арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жатады.

30. Педагог қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері осы жарғыда және мекеменің ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде айқындалады.

31. Педагог қызметкер мыналарға құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда кәсіптік қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан мамандыққа құрмет және тиісті мінез-құлық танытылуына;

4) ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) шығармашылық бастамаға, авторлық бағдарламалар және оқыту мен тәрбиелеу әдістерін әзірлеу мен қолдануға, тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамыту мен таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, материалдарды және оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдар мен білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымды сайлауға және атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттыруға;

13) үздіксіз кәсіби даму және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметке;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» «Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіпте және шарттарда кәсіптік дағдыларды қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылданатын актілеріне, іс-әрекеттері мен шешімдері бойынша жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне.

32. Педагог қызметкер мыналарға міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерге ие болуға;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттыруға (растауға);

4) педагогикалық әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімді медициналық қарап-тексеруден өтуге міндетті;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) балаларды заңға, адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға, жоғары адамгершілікке, патриотизмге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өмірлік дағдыларды, құзыреттерді, дербестікті, шығармашылық қабілеттерді дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдары мен білім беру ұйымының басшылығына кәметке толмағандардың немесе оларға қатысты қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасалу, фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультация беруге міндетті.

33. Педагогикалық әдептің міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

34. Педагог қызметкерлердің негізгі міндеттеріне коммуналдық мемлекеттік мекеме меңгерушісінің бұйрығымен қосымша міндеттемелер жүктелуі мүмкін.

35. Педагог қызметкерлерге білім беру процесін саяси үгіт, діни насихат мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға тыйым салынады. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымы мен қызмет түріне қарамастан, оларды белгілі бір дінге жатқызуды болдырмайтын киімнің қатаң және іскерлік стилін сақтауы тиіс.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

36. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

37. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды.

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін анықтайды.

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсыным бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) құрылтайшыға коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді.

38. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

39. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің меңгерушісін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

40. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің меңгерушісі коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Уәкілетті органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің меңгерушісі дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

42. Қызметті жүзеге асыру кезінде коммуналдық мемлекеттік мекеменің меңгерушісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхат береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын қолданады және оларға тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің аясында айқындайды;
- 11) білім алушылар контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;
- 12) коммуналдық мемлекеттік мекемеде тамақтандыруды, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;
- 13) педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық етеді;
- 14) білім беру ұйымының білім беру қызметі саласын қолдау және кеңейту мақсатында білім берудің инновациялық технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді;
- 15) кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдайлар жасайды;

16) білім беру ұйымдарымен үздіксіз кәсіптік оқыту жөніндегі бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады;

17) жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты үйлестіреді;

18) Жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекемені танытады;

19) әлеуметтік әріптестікті және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

20) Уәкілетті органға оқу, ғылыми және қаржылық қызметтің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

21) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды;

22) ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

23) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауы үшін дербес жауапты болады.

43. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің меңгерушісі мыналарға жауапты:

1) білім алушылардың коммуналдық мемлекеттік мекеме, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына;

2) өз құзыретіне жатқызылған функциялардың орындалуына;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының бұзылуына;

4) оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылар мен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына;

5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйіне, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттың мақсатсыз пайдаланылуына.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеме, Құрылтайшы және Уәкілетті орган арасындағы қатынастар.

44. Коммуналдық мемлекеттік мекеме, Құрылтайшы және Уәкілетті орган арасындағы қатынастар шарттық тәртіпте құрылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

45. Қызметкерлер мен коммуналдық мемлекеттік мекеме арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

46. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін заңды тұлғаның

активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналар есебінен қалыптасады:

- 1) меншік иесі оған берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.

47. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз еркімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

48. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында коммуналдық мемлекеттік мекемеге табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны қоспағанда, тиісті бюджетке аударылады.

49. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін бюджеттен уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қаржыландырады.

50. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизиялауды Уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

8. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

51. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жалпы білім беру бағдарламаларын іске асырады:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- бастауыш білім беру;
- балаларға арналған қосымша білім.

52. Коммуналдық мемлекеттік мекеме іске асыратын бағдарламалар мыналарға бағдарланған:

- 1) мектепалды даярлық;
- 2) бастауыш білім беру.

53. Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім беру бағдарламалары күндізгі оқу түрінде игеріледі.

54. Уәкілетті органның келісімі бойынша ата-аналардың (оларды алмастыратын адамдардың) мүдделерін ескере отырып, инклюзивті білім берудің, өтемдік оқытудағы балалар үшін мамандандырылған және бейіндік сыныптар мен топтар, түзету сыныптары ашылуы мүмкін.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі

55. Бірінші сыныптарға дайындық деңгейіне карамастан, алты жастағы балалар және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балалар қабылданады. Мектепалды даярлық сыныптарына 5 жастағы балалар қабылданады.

56. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау ата-аналардың (занды өкілдердің) немесе оларды алмастыратын адамдардың өтініші бойынша ақпараттық жүйелер арқылы автоматтандырылған мемлекеттік қызмет көрсету құралдары бойынша жүзеге асырылады.

57. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқығысы келетін барлық балалар қабылданады.

58. Жаңадан келген оқушылардың өтініштерін қабылдау коммуналдық мемлекеттік мекеме меңгерушісінің бұйрығымен ресімделеді. Әрбір білім алушыға жеке іс және үлгерім табелі жүргізіледі.

59. Мектепке дейінгі шағын орталыққа балаларды қабылдау «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 тіркелді) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

60. Ата-аналар мен коммуналдық мемлекеттік мекеме жанындағы шағын орталық арасындағы Шартпен реттеледі.

61. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер қатарына қабылдау коммуналдық мемлекеттік мекеме меңгерушісінің бұйрығы негізінде жүргізіледі.

62. Білім алушыны коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде әкімшілік оны және (немесе) ата-аналарын (оларды алмастыратын адамдарды) жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

10. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

63. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының негізінде әзірленген жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес мемлекеттік тілде жүзеге асырады, өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, Үлгілік қағидаларды, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

64. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілді білуді және дамытуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік стандарттарға сәйкес шет тілдерін оқытуды жүзеге асырады.

65. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бір ауысымда жұмыс істейді. Жұмыс режимін коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесі бекітеді.

66. Оқу-тәрбие процесі коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесі бекіткен және жоғары тұрған мемлекеттік басқару органымен келісілген оқу жұмыс бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

67. Мектепке дейінгі шағын орталықта білім беру процесін ұйымдастыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес әзірленетін және бекітілетін балаларды дамытудың жалпы білім беру бағдарламасымен айқындалады және регламенттеледі.

68. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады. Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарын және үйірмелер мен спорт секцияларының сабақтары мен оқулықтарының кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады. Оқу және тәрбие жұмысын есепке алу Күнделік электронды журналын, жұмыс уақытын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

69. Жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының барлық түрлері білім алушылары үшін сабақтар арасындағы үзілістер ұзақтығы кемінде бес минутты, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтардан кейін) – отыз минутты құрайды. Екінші және төртінші сабақтардан кейінгі бір үлкен үзілістің орнына әрқайсысы он бес минуттан тұратын екі үзіліс қарастырылған. Жалпы білім беретін ұйымдағы сабақтың ұзақтығы қырық бес минуттан аспайды. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының сатылы режимі қолданылады. Қыркүйек айында үш сабақ отыз бес минуттан, қазаннан қырық бес минутқа дейін жоспарланған. Сабақтарда дене шынықтыру және көзге арналған гимнастика өткізіледі.

Бірінші сынып оқушылары үшін жыл ішінде қосымша демалыс апталығы көзделеді. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтар өткізу көзделмейді. Білім беру ұйымдары тәулігіне ең жоғары оқу жүктемесін анықтауда, олардың жарғыларымен айқындалатын оқыту нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады. Оқу аптасының ұзақтығын коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесі белгілейді.

70. Оқу тоқсандарының, каникулдардың мерзімдері, оқу жылының басталуы мен аяқталуы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрықтарымен, нұсқаулықтарымен регламенттеледі.

71. Оқу-тәрбие процесі барысында коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылармен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне бастапқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитариялық көмек көрсетіледі.

72. Коммуналдық мемлекеттік мекемені алқалы басқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес Педагогикалық және Қамқоршылық кеңестер жүзеге асырады.

73. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты физикалық, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

74. Саяси партиялар, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдар құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

11. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

75. Білім алушылардың білім беру оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүзеге асырады.

12. Білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі

76. Оқушыны коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығару мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1) ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың өтініші бойынша білім алушының басқа оқу орнында немесе оқытудың басқа нысанында білім алуын жалғастыру үшін

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін педагогикалық ықпал студің шектен тыс шарасы ретінде 16 жасқа дейінгі балаларды шығаруға жол беріледі.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме үш күн мерзімде жергілікті атқарушы орган жанындағы кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға білім алушыны коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығару туралы хабарлайды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

13. Ақылы қызметтер көрсетудің тізбесі мен тәртібі

77. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларға бюджет қаражаты есебінен тегін білім беру қызметтерін көрсетеді.

78. Білім алушыларға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты аясында ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға тыйым салынады.

79. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасумен ақылы негізде мемлекеттік жалпы білім беретін білім беру стандарттарының талаптарынан тыс мынадай қызметтерді ұсынуға құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға (балалар шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделерді дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыруға;

3) білім алушылармен пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша ғылым негіздерін тереңдетіп зерделеуді ұйымдастыруға;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек тұрғындар арасында түрлі іс-шараларды, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және іске асыру бойынша: спорттық жарыстарды, семинарларды, кеңестерді, конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге;

5) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету;

6) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімдерін өндіруді және өткізуді ұйымдастыру.

80. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес негізгі білім беру қызметінің орнына ақылы білім беру қызметтерін көрсету мүмкін емес.

81. Ақылы қызметтер көрсету кезінде коммуналдық мемлекеттік мекеме мен ата-аналардың, білім алушының өзге де заңды өкілдерінің арасындағы қатынастар Шартпен реттеледі.

82. Ақылы негізде ұсынылатын коммуналдық мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерінің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жағады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын рәсімдеу тәртібі

83. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынасы шартпен, «Білім

туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттеледі.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

84. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің кағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

16. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

85. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

86. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

87. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РММ

Тігілгені, нөмірленгені, және мөр басылғаны

барлығы 35 парақ

Прошито, пронумеровано
и скреплено печатью
35 листов

